



FTAMP: 21.21.25

Ғылыми мақала

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2024-148-3-288-301>

## XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасыр бас кезіндегі қазақ ағартушылары мен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы мұрасындағы діни таным сабақтастығы

Альбина Дуйсенбаева<sup>1\*</sup>, Жандос Ишмаханов<sup>2</sup>, Алмасбек Шағырбай<sup>3</sup>

<sup>1,2</sup>Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан

<sup>3</sup>ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты дінтану орталығы, Алматы, Қазақстан

(E-mail: корреспонденция үшін автор: [albina87.03@yandex.kz](mailto:albina87.03@yandex.kz))

**Аңдатпа.** Діни сананың жаңғыруы мәселесінде өзектігі жоғалмайтын тақырыптың бірі ол дәстүрлі құндылықтардан адасып қалмай, рухани үндестікті жалғастыру. Бұл үдеріс тарихтың әр кезеңінде әр мәдениеттің, әр ұлттың тағдырында әр түрлі көріністермен қорын алған. Мақалада діни сананың жаңғыруы кезеңіндегі қазақ ағартушыларының діни құндылықтарға, дәстүрлі дүниетанымға қатысты қалдырып кеткен мұраларын зерттей отырып бүгінгі қоғамның мәселелеріне жауап ізделеді. Зерттеуімізде қазақ руханиятының қаймақтары, ұлы тұлғаларымыздың өткен жолы мен негізгі қызметтерінің тарихымыздағы орны жан жақты зерттелді. Тарихтағы кез келген халықтың қоғамдық құрылысындағындай қазақ халқымыздың да діни сипатын айшықтайтын қайраткерлер, ұлтымыздың төл тумаларының еңбектері талданды. Мақалада қазақ ағартушыларының терең дүниетанымындағы діни баға жетпес құндылықтарының Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мұрасымен сабақтастығы, өзара байланысы баяндалады. Қазақтың ұлы ағартушылары Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп еңбектеріндегі діни идеялары негізге алынып дінтанулық және танымдық философиялық талдау жүзеге асырылды. Ағартушылар дүниетанымындағы құдай, дін, иман категорияларға теологиялық, дінтанулық талдау жасалды. Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мен талдаулары діни сананың жаңғыруымен және бабалар мұраларының дәріптелуімен тығыз байланысты. Қазақ зиялыларының қоғамдағы қызметі тек діни білім берумен ғана шектелмей, осы діни білім арқылы қалыптасатын тәрбие арқылы қазақ даласында ұлттық таным қалыптастырғаны талданады. Зерттеудің құндылығы қазіргі таңдағы діни конфликттердің, қоғамдағы діни негіздегі түсінбеушіліктердің алдын алуда, сонымен қатар жастардың діни дүниетанымының қалыптасуында өте маңызды.

**Түйін сөздер:** ағартушылық; ислам; дін; дәстүр; құндылықтар.

Received 20.07.2024. Revised 10.08.2024. Accepted 25.08.2024. Available online 30.09.2024.

### For citation:

Duissenbayeva A., Ishmakhanov Zh., Shagyrbay A., Continuity of religious knowledge in the heritage of Kazakh intellectuals and Mashhur Zhusip Kopeiuly in the last quarter of the 19th century and the beginning of the 20th century. // Bulletin of the L.N. Gumilev Eurasian National University. Series: Historical Sciences. Philosophy. Religious studies – 2024. – Vol. 148. – No. 3. – P. 288-301. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2024-148-3-288-301>

### Для цитирования:

Дуйсенбаева А., Ишмаханов Ж., Шагирбай А. Преемственность религиозного познания в наследии казахских просветителей и Машхур Жусуп Копейулы в последней четверти XIX и начале XX веков // Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия: Исторические науки. Философия. Религиоведение – 2024. – Т. 148. – No.3. – С. 288-301. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2024-148-3-288-301>

## **Кіріспе**

Адамзат тарихында қоғамды дамуға дәріптеуші ағартушылық құбылысының мәні ерекше. Бұл идея XIII-XIX ғ.ғ. батыс Еуропада бастау алғанымен, идеялық тұрғыда көне грек, қытай, үнді т.б. өркениеттерде бастау алғаны баршамызға мәлім. Батыста қозғалысқа ие болып, Еуропа қоғамын түбегейлі өзгеріске әкелген ағартушылық қозғалысы қазақ даласына өз әсерін тигізді.

Қазақ халқының бай мұрасындағы діни ағартушылық құндылықтарды зерттеуде аса бай және ауқымды материалдарға кезігеміз. Өкінішке орай, бүгінгі таңда, заманауи аудиторияға қол жетімді және жастар тілінде жеткізудің кемшін тұстары жоқ емес. Жалпы діни ағартушылық мұраның түп тамырын зерттеуде, тарихта отаршылдық саясаты әрекетінің орны толмас ізін қалдырған Ресей империясының басқыншылық әрекетіне қарсы тұру, халықты бірлікке шақыра отырып иісі мұсылман халықтардың саяси күресі жолындағы идеялық бірлікті, ағартушылық жолындағы өзара қарым қатынасының дамуы сатысын байқауға болады. Сондай ақ, 19 ғ. аяғы-20 ғ. басындағы жоғарыдағы аталған мәселелер ағартушылық саласындағы тұлғалардың шығармашылығындағы өзара ықпалдың арта түсуіне жол ашылды. Сонымен қатар шығыс батыс әлеміндегі, оқу білімі, мәдениеті мен тәжірибесі озық болған өзге жұрттың шығармашылығын көпшілікке танытуға ұмтылу, аудару арқылы үйрену, тәжірибе алмасу, өзіндік даму жолын жетілдіру байқалады. Осылайша ұлтымыздың ағартушыларының отаршылдық дәуірдегі қайраткерлігі мен ізденісі, өзара ой үндестігі мен қарым-қатынасын бағдарлау, ағартушылар идеяларының сабақтастығы мен байланысын зерттеудің алғы шарты болып табылады

XIX ғ. аяғы мен XX ғасырдың басындағы негізгі ерекшеліктердің бірі қоғамдағы орын алған өзгерістердің жылдамдығы, ықпалы және нәтижесі. Бұл өзгерістер тек қоғам құрылысында ғана емес, ұлттың тұрмысынан бастап, жалпы дүниетанымдық ұстанымдарына тікелей әсер етті. Ұлт санасының, болмысының сақталуына, өзіндік бірегейлігі мен қайталанбас мәдениетінің сақталуына ұлт ағартушыларының ықпалы орасан зор еді. Осындай салалардың бірі діни дүниетаным арқылы насихатталған ағартушылық бағыттағы шығармашылық деп айтуға болады. Әрине, руханиятқа түгелдей әсерін тигізіп отырған шығармашылық кеңінен қанат жайып, еркін тарала қойды деп айта алмаймыз, керісінше, түрлі кедергілер мен қарама қайшылықтарға тап болып, аяқтарына тұсау ілінгені белгілі. Осыған сай, шығармашылық тақырыптарының да, өзіндік жасампаздығының да, жаңа таралу тәсілдері мен әдістерінің өзгерістерге ұшырап отырғанын байқауға болады. Мұндай сипатты біз Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының да, Шәкәрім Құдайбердіұлының да өзге де ұлт зиялыларының еңбектерінде байқаймыз. Отырықшы өмір салтының орнауы, ең алдымен зиялы қауымның жаңа көзқарастар мен жаһандық мәдениеттің бағытымен санасуына, сараптап саралау арқылы дамуына әсерін тигізді. Бұл туралы отандық зерттеулерде де өзіндік еңбектер кездеседі. (Әбдиманұлы Ө., Шортанбаев Ш., 2017)

## Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсат-міндеттері

Мақаланың негізгі мақсаты XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ ағартушыларының еңбектері мен поэзиясындағы діни идеялар мен құндылықтардың Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы көзқарасымен байланысын, сабақтастығын айқындау. Соған сәйкес ағартушылар мұрасындағы дін, құдай, иман, ғибадат сияқты категорияларының мәні, оларды түсіну ерекшеліктері және өзара ықпалдастық әсерін көрсету міндеттері қойылды. Халқымыздың тарихы, мәдениеті, және әлеуметтік саяси өмірінде діни руханияттың, діни дүниетанымның алатын орны орасан зор. Діни таным, ұлт тамырымен, оның дүниетанымы, мәдени құндылықтарымен біте қайнасқан ажырамас құндылық. Сөзімізге дәлел ретінде, қоғамымыздың кез келген кезеңіндегі ауызша және жазбаша мұраларымызда, тіл, руханият, ой сана салаларында ислам құндылықтарының орны ерекше. Мақалаға негіз болған ағартушылар мұрасында да діни құндылықтар ерекше насихатталған. Бұл діни құндылықтардың қазақ болмысындағы көрінісі 12 ғасырға жуық кезеңді қамтиды. Сондай-ақ дәстүрлі түркілік дүниетаным өзінің болмысын бүгінгі таңда да синтез немесе симбиоз түрінде сақтап келген. Бұл туралы академик Ғ.Есім діни ағартушылық бағыттағы ой сананың дамуын бірнеше бағытта анықтайды:

– алғашқысы діни ағартушылық салаға байланысты ұлт әдебиетіндегі ой сана мәселесінің, жыр дастандарда, фольклор, ауызша және жазбаша әдебиеттің барлық түрлерінде, сонымен қатар түрлі өнер түрлері мен архитекторлық салаларда көрініс табуы;

– келесі көрінісі жалпы халық арасындағы білім беру қызметіне тікелей байланысты;

– тәрбие, көркем мінез, тұлға кемелденуі мәселелерімен тікелей байланысты;

– құқық мәселесімен терең байланысты болуы. (Ғ.Есім, 2010)

Автор діни ағартушылық ой сананың негізгі функцияларын талдауда, оның ұлт руханиятындағы орны мен маңызына терең тоқталған. Негізгі функцияларының бірден бір көрінісі ретінде ұлттық сананың қалыптасуындағы, тіптен идея мен идеологияның қалыптасуына тікелей әсер етуші фактор екенін баяндаған. Сондай-ақ тарихымыздағы діни ағартушылық сананың ерекшелігі, артықшылығы ретінде, діни дүниетаным бағытындағы рационалды ойлау жүйесінің қалыптасқанын, оның даму бағытының жолдары сонау рационализмнің өкілдері Платон, Аристотель, әл Фарабиден басталған, ұлт ұстаздары Абай, Шәкәрім сынды, өзге де зиялы тұлғалардың шығармашылығын айшықтайды. Жалпы, қазақ руханиятының кеңістігі өте ауқымды болғанымен, бір-бірімен тығыз байланысты, біртұтас кешен екені мәлім. Руханият саласының қай саласы болмасын, ақын-жыраулар, айтыскер шешендер, зиялы қауымның негізгі шығармашылығы осы көріністі сипаттайды. Мәселен, халқымыздың ауыз әдебиеті және жазба әдебиетінің 19 ғ. аяғы мен 20 ғ. басындағы діни ағартушылық тақырыбын қозғаған ақын-жыраулар еңбегі «алтын көпір» қызметін атқарды деп айтуға негіз бар. Бұл бағыттағы руханият кілтін қорғаушылар қатарына көптеген ерен еңбек авторларын, ұлт зиялыларын көрсетуге болады, солардың қатарына Уәлихан Қалижанұлы Ақмолла Мұхамедиярұлы, Ыбырай Алтынсарин, Әбубәкір Кердері, Нұржан

Наушабайұлын, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Шәді Жәңгірұлын, Шәкәрім Құдайбердіұлын, Мақыш Қалтайұлын (Қалижанұлы У, 1998) жатқызады. Сонымен қатар бұл тізімге діни ағартушылық саласындағы Майлықожа Сұлтанқожаұлы, Ақтан Керейұлы, Ғұмар Қарашынды өзге де көптеген саңлақтарымызды қосуға болады.

### **Ғылыми зерттеу әдіснамасы**

Мақалада қазақ ағартушыларының діни көзқарастары, ой сабақтастығы қарастырылып, олардың қазақ философиясы тарихындағы орны айқындалады. Қазіргі таңда қазақ ойшыл-дарының, ағартушыларының мұраларын жеке зерттеу жақсы дамығанымен, ағартушылар мұрасындағы байланыс, ой-сана сабақтастығын анықтау, зерттеу қарқыны төмен. Зерттеуіміздің негізгі мазмұны қазақ халқының тарихындағы діни ағартушылық мұрасының даму кезеңдері мен негізгі мәселелерін қамтиды. Тарих тәжірибесін талдай отырып, бүгінгі таңдағы ұлттық құндылықтармызға қауіп төндіріп тұрған, ұлт ауызбіршілігі мен діни мұраларына кері ықпалын тигізуі мүмкін қауіптерді саралауда, эмпирикалық заңдылықтар теориясын ұсындық, діни ағарту саласының негізгі қозғаушы күштері ретінде зиялы өкілдер мен діни бағыттағы қайраткерлер деп танылды.

Мақаланың методологиялық негіздерін жүйелік, тарихилық, салыстыру, объективтілік, пәнаралық синтез сияқты ғылыми таным принциптері құрайды. Ағартушылар мұрасындағы діни категориялар философиялық және дінтанулық методологиялық кешенде талданды.

### **Негізгі бөлім**

Ағартушылық дәуір көне грек, үнді, қытай, түркі сияқты ежелгі өркениеттерден бастау алғандығы тарихтан белгілі. Дегенмен нақты кезең ретінде XIII-XIX ғасырлардағы идеялық ағымды айтып жатады. Себебі сол ғасырдың адамдары өз уақытын ақыл парасат пен ағарту жүз жылдығы деп атады. Бұл кезеңде адам ақыл-парасатының қабілеті ескеріліп, шіркеу басымдылығы, христиандық діни догманың сынға ұшыраған кезеңі еді. «Ағартушылық» ұғымын айшықтауда, У.Қалижанұлының еңбектерінде бұл дәуірдегі қоғамның ғылым мен білімге деген құлшынысын, ғылыми танымның тұтас ұрпақты қамтыған құбылыс екендігін атайды. Ағартушылық өкілдерінің кемел үлгілік сипатында, ізгілік, әділеттілік идеялары мен ғылым білімге деген дамытушылық қызметтері, әлеуметтік кемшіліктерді түзеуге, оның біртұтас қалпына, болмысына әсер етуге бағытталған қоғамдық саяси ағым ретінде көрсетеді (Қалижанұлы, 1998).

Ғасырлар бойы қалыптасқан қиял мен аңызға сенетін мифологиялық таным тарих қойнауына кетіп, философиялық ойлау мен ғылыми таным алдыға шықты. Феодалдық басқару формасы езгіге ұшырап, қоғамдық теңдік пен жеке бас бостындығы насихатталып, төменгі тап өкілдерінен көптеген гуманистер шықты. Бұл ағартушылық тек санада емес, эстетикалық санада да көрініс тапты. Кезіндегі шіркеулік каноннан шыға алмаған эстетикалық ой пікір, ағарту дәуірінде жаңа бағыттарға қол жеткізді.

XIII ғасыр өнері нақты шынайы бейнелеуге көңіл аударды. Бұл көріністі сол кезеңдегі суретшілер, мүсіншілер мен жазушылардың шығармашылығынан байқауға болады. Жалпы дәуіріміздегі қоғамның кез келген саласына жойқын өзгерістер әкелген ағартушылық кезеңін зерттегенде, саяси әлеуметтік салада болсын, философиялық, әдеби, педагогикалық т.с.с бағытына әсер еткен ойшылдар ретінде либерализм ілімінің негізін қалыптастырған, Дж. Локкты (1632-1704жж.), әдебиет саласындағы жаңашылдыққа жол ашқан Дидро, Вольтер, Руссо, Юм, Смит сынды ойшылдарды атап өтпеуге болмайды. Ағартушылық ықпалы әлемге таралған ерекше құбылыс ретінде, адамзатты қараңғылықтан құтқарған, ғылым мен білімді насихаттаған қызметі, қазақ философиясының да дамуына жол ашты. 19-шы ғасырдан қазақ даласында кеңінен етек жая бастаған бағыт ретінде Ш.Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбайұлы сынды өкілдерінің орны ерекше. Дегенмен, барымызды зерделеп, жоғымызды түгендеуге жол ашқан, жаңа ғасыр табылдырығында қазақ зиялыларының еңбектері мен негізгі идеяларының құны мен тәліміне, тәрбиесі мен руханиятына деген жаңа зерттеулік әдістер мен көзқарастар қалыптасқаны қуантады. Себебі, жоғарыда аталған зиялы қауым өкілдерінің еңбектерінің бағасы мен маңызы, өткен заманның көзқарасы мен ықпалы арқылы талданып, бұрмаланып келгендігі ащы да болса ақиқат, сонымен қатар қатаң тыйым салынып келген діни мазмұндағы әдебиеттің, шығарма еңбектерінің қарасы тарих қатпарларынан шықпағандығы да жасырын емес. Кеңестік кезеңдегі идеологияның басқыншылғы мен атеисттік сананың кертартпалығының салдарынан өзгеріске ұшыраған шығармашылықтардың, қазіргі таңдағы рухани жаңғырып, ұлттық жадыны сақтаудағы, соның ішіндегі діни руханият кеңістігіндегі, өзіндік иммунитетке ие болудағы маңызы ауадай қажет. Бұл туралы Ш.Әділбаева еңбегіндегі зерттеуге сүйенуге болады. Жетінші ғасырдан бері қазақ даласына енген ислам өркениетінің бай мұрасының өкілдері Ахмет Игүнеки, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари, Қожа Ахмет Иассауи сынды діни ағартушылық мұраларына тоқталуға болады. Ислам дінінің қазақ халқының мәдениеті мен болмысына тұтастай үйлесімділігі туралы автор: хадис ғұрыпқа, сүннет салтқа айналған деп тұжырымдайды (Әділбаева, 2011).

Жалпы ағартушылық бағытты сөзге тиек еткенде діни ағартушылықты тұтас қамтыған жөн. Әдетте ағартушылықтың негізгі идеялары ретінде антропоцентризм мен гуманизм айтылады. Бұл принциптер исламда да негізгі мәнге ие болып, әрдайым насихатталып отырады. Бұған дәлел ретінде құранға негізделген Әл Фараби, Қожа Ахмет Исауи, Абай Құнанбайұлы идеяларындағы «кемел адам» концепциясын айтуға болады. Адамның нәсіліне, ұлтына және жынысына қарамастан бауыр деп қарап, исламдық негізгі ұстанымдардың бірі жақсылықты асырып, жамандықты тыю екендігі мәлім. Зерттеуіміздің өзегі саналатын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының көзқарасында адамды микрокосмос ретінде қарастырады және бұл идеясы ислам танымымен сабақтас. Мәшһүр Жүсіп былай дейді: «...Айдай әлемді, жанды, жансыз мақұлықтарды Құдай алты күнде жасап шығарған. Соның өзгесі бір бас та, адам бір бас. Осы дүниені адам көркейтпек, құдайдың құдайлығын жұрт көзіне адам түсірмек. Алты күннен соң құдай дәнеме жаратпақ емес» (Көпейұлы, 2003). Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы мұрасының басым бағыты – ағартушылық болғаны белгілі. Шығармаларында туған халқының мүшкіл жағдайын

жырлап, халықтың көштен қалу себептерін айқындап, дамыған елдердің қатарына қосылуға негіз болатын ғылым мен білімнің артықшылығын насихаттады. Жастарды адал еңбек пен кәсіп үйренуге, сауат ашу мен ізгі қасиеттерді бойға сіңіруге тәрбиеледі. Қазақ ойшылдары Абай Құнанбайұлы мен Шәкәрім Құдайбердіұлының діни дүниетанымдық бағытындағы шығармашылығы мен ұлт зиялысы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни ағартушылық көзқарастарын салыстыра зерттеу мақсатында, өзіндік талдау мен фактілерді қарайтын болсақ, мынандай мәліметтерді келтіруге болады. Бұл тақырыпты қозғаған зерттеушілер арасында Абай мен Мәшһүр Жүсіп кездесулерінің тарихи орын алғандығы туралы келтірілетін мәліметтерді кездестірміз. Екі ойшылдың кездесуі туралы, бір-бірімен сұхбаттасқандығы туралы, филология ғылымдарының докторы, сондай ақ Мәшһүр Жүсіптің тікелей ұрпақтарының бірі болып саналатын Қуандық Пазылұлы Жүсіпов сұхбатында кездеседі. Қос ойшылдың шығармашылықтарындағы үндестік пен ортақ тақырыптардың да табылуы кездейсоқтық емес әрине. Мәселен адам бойындағы кеселдік қасиеттер ретінде «өтірік», «өсек» сынды жағымсыз қасиеттерді терең сынап, аулақ болуды насихаттайды. Мәселен: «Терең ой, терең ғылым іздемейді, Өтірік пен өсекті жүндей сабап» (Абай) – «Өтірік өрттей лаулап жанып жатыр, Ессіз жұрт көбелектей барып жатыр. Бірін торғай, біреуін бөдене ғып, Өзі мен өзін жаулап алып жатыр» (Мәшһүр Жүсіп) (Қазақ тілі мен әдебиеті, 2005).

Сондай ақ, Абай мен Мәшһүр еңбектерінің имандылық, ізгілік, тәрбие сынды тақырыптарда қозғаған өлең жырларында да, өзіндік үндестік байқалады. Ұлтын сүйген ойшылдардың шығармашылығында, имани мәселелер негізгі адами қасиеттер ретінде жоғары құндылықтар ретінде насихатталады. Абай шығармасында «Әсемпаз болма әрнеге», «Жігіттер ойын арзан, күлкі қымбат», «Ғылым таппай мақтанба» т.б. өлеңдері, Мәшһүр Жүсіптің «Бес қымбат», «Нәпсіңді 128 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни көзқарасы атқа мінгізбе», «Қолыма қағаз, қалам алайын да» т.б. өлеңдері – мұның дәлелі» (Тұрсынова, 2003).

Ойшылдардың еңбегіндегі мына бір өлең жолдарын салыстырар болсақ, бес рухани құндылық идеясын байқаймыз. «Ғылым таппай мақтанба» өлең жолдарындағы Абай атамыздың өлең шумақтары:

Ғылым таппай мақтанба,  
Орын таппай баптанба,  
Құмарланып шаттанба,  
Ойнап босқа күлуге.  
Бес нәрседен қашық бол,  
Бес нәрсеге асық бол,  
Адам болам десеңіз.  
Тілеуің, өмірің алдыңда,  
Оған қайғы жесеңіз.  
Өсек, өтірік мақтаншақ,  
Еріншек, бекер мал шашпақ  
Бес дұшпанын білсеңіз. (Құнанбаев, 2002 ),

делінген, бұл өлең жолдарында тек ізгі қасиеттер ғана аталып қоймай, адамның жағымсыз қасиеттері мен құптаусыз амалдары да сипатталады, тура осы мәселе, Мәшһүр өлеңдерінде де былайша өрнектеледі:

«Ең әуел керек нәрсе иман»-деген,  
«Ақырет істеріне (ишларына) инан!»- деген!  
«Құдай кешірет!»-дегенмен, іс бітпейді,  
«Иман шартын білмесе, есен(убан)»- деген.  
«Екінші керек нәрсе – ғақыл» –деген.  
«Ғақылсызда тауық жағы (шағы) тақыр!» – деген.  
«Аз іске ашуланып, дінін бұзар,  
Иманын кәпірлікке сатар» – деген.  
«Үшінші қымбат нәрсе – сабыр!» – деген,  
«Сабырлысы мұратын табар!» – деген.  
«Әр істе сабырсыздық тәубе-зорлық,  
Сабырсыздық басқа пәле салар!» – деген.  
«Төртінші қымбат нәрсе – шүкір» – деген,  
«Нығыметке шүкірсіздік – күпір!» – деген.  
Жатқан жерден: «Құдай кешір!» – деген қорлық,  
«Себеп іздеп тура жолмен жүгір!» –деген.  
«Бесінші, қымбат нәрсе – әдеп» – деген,  
Әдепсізде иман тұру ғажап!» – деген.  
«Кәпірлік – әдептіде тұрмағандай,  
Әдеп деген Махаббатқа себеп!» – деген (Көпеев,1992)

Жоғарыдағы өлең жолдары тәрбиелік құндылығымен қатар, имани қасиеттерге жол ашады. Мәселен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ислам діні саласындағы ақида, шарифат ілімдерін терең меңгерген діндар тұлға екендігі оның шығармашылығында да байқалады. Оның бірден бір көрінісі, зерттеуімізде келтірілген еңбектерінің хадистермен ұштасып, өзіндік байланыс тапқанынан аңғарамыз. «Пайғамбардан сүннет болып қалған бұл өсиеттер жалпыны қабылдайтын инклюзивтілік ұстынының өзегінде жатыр және бұл рух қазақтардың ғасырлар бойы ұстанып келген дәстүрлі ханафилік мазхабтағы суннилік исламның да негізін құрайды» (Жүсіпбек, Сатершинов, 2014).

Абай мен Мәшһүр арасындағы байланыстардың көріністерін талдауда, тек аталған шығармалары ғана емес, өзге де еңбектерінде, мәселен қара сөздерінде де кездестіреміз. Мәселен, сөз құндылығын жоғары бағалайтын Мәшһүр еңбектеріндегі, төмендегі мысал белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Дандай Ысқақтың пікірінше, Абайдың Қара сөздеріндегі стильге ұқсайды (Ысқақұлы, 2013).

Ғылым біл, жұмыс істе оған серік,  
Жарлығы мал –бұл, ғылым болар көрік.

Ғылым, білім өнерсіз қадірсізді

Өлік біл, оны жан деп білме тірлік (Көпейұлы М.Ж., 1990:90)

деген өлеңінде Мәшһүр Жүсіп ұлы Абай мұраларын діни ағартушылық сабақтастығын жалғастыра отырып, қазақ руханиятының дамуына қызмет етті.

Қазақтың әулиесі атанған Абайдың інісі, көрнекті тұлға Шәкәрім Құдайбердіұлы өз заманында Мәшһүр Жүсіппен кездесіп, бірнеше рет сұхбаттасқан, құрдас, дос

екендігі тарихтан белгілі. Мәшһүр Жүсіп мұрасын сақтап, келер ұрпаққа насихаттаушы Алдабергенов Төлепберген қарияның айтуынша, 1931 жылы бір үлкен жиында Шәкәрім мен Мәшһүрдің кездескенін баяндайды. Сонда ол Мәшһүрмен кездесіп, құрдасына: Мына жаңа заман қалай болады?» – деп сұрайды. Мәшһүр Жүсіп: «Бұл – аласапыран заман. Бұл – социализм деген заман, мағынасы құдайсыздар қоғамы деген, дүние кезек деген бар емес пе, бір кезде құдай деген құстай ұшады дедік, енді құдай деген мұрттай ұшатын заман болады, көрешек алда деген екен:

*«Тірі қалғаның көресің,  
Мәдени үйге кіресің,  
Қонысың болар орыс қаласы.  
Қазаққа енді тұрмыс жоқ,  
Болуға да орын жоқ,  
Ағымның сондай жобасы,  
Шәкәрім, жағдай осылай»* (Құдайбердіұлы, 2007)

Міне осы жиыннан кейін қазақтың екі ғұламасы Баянауылда бірнеше күн бірге болады. Қайтарында Шәкәрімге Мәшһүр Жүсіп былай дейді: Аз ғана уақыт – төрт-ақ күн бірге болдық. Тірі жүрсең социалист қоғамына кір. Мен өзім сол 1916 жылы ораза-намазбен қоштасқанмын. Бұл екеуіміздің ақырғы кездесуіміз болар, жас та келді, тағдыр да жақын. Дүние көшкен керуен ғой, дүниеге бірге келдік, бірге жүрдік. Енді сол керуенмен бірге кетуіміз керек қой:

*«Біріміздің ажалымыз Алладан болар,  
Біріміздің ажалымыз адамнан болар.  
Жас та келді, тағдыр да жақын,  
Ақырғы кездесуіміз осы болар.  
Қош сау бол деп құшақтап,  
Кафу Рахман деп аттанады»*( Алдабергенов, 2013).

Шәкәрім Құдайбердіұлының діни-ағартушылық қызметінің бірі ретінде «Мұсылмандық шарты» еңбегін айтуға болады. Бұл қазақ даласындағы дінтану, исламтану бағытындағы алғашқы еңбектер қатарына жатады. Ғұламаның халық діни дүниетанымының тереңдігі мен дұрыс бағытта қалыптасуына деген ұмтылысын байқатады. Бұл еңбек қазіргі ислам ғылымхалы кітаптарының негізі болып саналады және әлі де өзіндік мәнін жоғалтпады. Шәкәрім оны мәніне қарай төмендегідей бес бөлімге бөліп, жүйелеген:

1. Иманның мағынасы және иман сенімі (Исламның мәні);
2. Ахлақ (Ислам психологиясы);
3. Ис-харекет үкімдері (Сегіз амал);
4. Ислам негіздері (ғибадат);
5. Қоғамдық қатынастағы шарғи талаптар (Фиқһ ілімінің негіздері)

Шәкәрімнің діни көзқарастары діни әмбебаптылықтан тұрған, ол өз ойында әлемнің бар діндердің ерекшеліктерін баяндай келе «діндердің түп мақсаты» дейді, сол мақсаты құдайға жету болатын. «Мұсылмандық шартын» жазып қазақтың діни сауатын ашпақ болған Шәкәрім Тәңіріні, Табиғатты, Адамды қарастыра отырып, бірегей концепция жасады ([http:// www.kultegin.kz/#!1\\_11\\_491](http://www.kultegin.kz/#!1_11_491))



Мәшһүр Жүсіп өзі жинаған үлгілерінің көлемін белгілеп отырған. Мысалы, «Ғылым білімі» кітабы 129 сахифадан тұрады дей отырып, оның ішінде 12 аят, 18 хадис, 43 мақал, 114 ауыз өлең бар десе, ал «Әмір» әңгімесі 26 сахифадан, 104 ауыз өлеңнен тұрады дейді. Мұндағы сахифа – араб сөзі, «бет», «парақ» деген мағынаны береді. Бұлардан басқа қолжазбаларда мынадай мәліметтер берілген: «Хазірет Юсуф пайғамбар», «Шайқы Бұрқы әулие мекіре балықтан туған», «Ошақты Қоңырбай қалпе» әңгімесі, «Хазірет Нұхқа 370 жасында пайғамбарлық берілді», «Ақыреттің егіні», «Құдайым жексенбі күн жер жаратты», «Жер мен Көк» қиссасы және т. б. діни нанымдық мағынадағы деректер бар. Екі діни балладасы – «Шайқы Ысқақ» пен «Надан би» белгілі.

*«Исламның бес парызы біреуі – иман,*

*Таппайды бұл бесеуін дүние жиған.*

*Ықтият, шын ниетпен жұмыс қылып,*

*Ерлерді айт Құдай үшін жанын қиған»,*

деген жолдары Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығындағы ислам тақырыбының шоқтығы биік екендігін дәлелдейді.

### **Зерттеу нәтижелері мен талқылау**

Зерттеу нәтижесін талқылауда Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының, Абай Құнанбайұлының, Шәкәрім Құдайбердіұлының еңбектеріндегі діни ағартушылық мәселелерінің ортақ тұстарын зерделей отырып, ойшылдар мұрасындағы сабақтастықты айшықтау орын алады. Бұл үшін алғашқы кезекте, ұлт зиялыларының дүниетанымдық тәлімі мен өскен ортасын, сол заманның мәселелері мен рухани атмосферасын зерттеу, пайымдау қажет болды. Сол дәуірдегі қалыптасқан рухани шығарма еңбектерінің, қазіргі замануи қоғамдағы мәселелердің шешімін табуға қолдану мақсатымызда, екі түрлі дәуір арасындағы өшпес ортақ құндылықтармен, ұлт қанымен, болмысымен жалғасқан нәзік те мығым байланысты анықтау қажет еді. Ел арасында тек ұлт зиялысы ғана емес, қасиеті мен әулиелігі бір төбе, абыз тұлғалардың рухани мол мұрасын жаңашыл көзқараста талдауға біршама әдебиеттер мен көзқарастардың дәйектері ортақ мәселеге шоғырландырылды. Ойшылдың өмір сүру кезеңі, жалпы тек қазақ даласында ғана емес, сонымен қатар тұтас мұсылмандық Шығыс әлеміндегі күрделі өзгерістер кезеңі болып табылады. Сол себепті де, осы зерттеу барысында, жоғарыдағы ойшылдар шығармашылықтары дәстүр жалғастығы мен байланысы тұрғысынан ғана емес, жаңашылдық идеясы аясында қарастырылуға тырысты. Қазақ қоғамын барынша жаңа дәуір кезеңіндегі қоғамдық өзгерістер мен жаңашыл кемелділікке баулып қана қоймай, қоғамды сынау мен шындық арқылы, өзекті мәселелерді ашып, айқындаған. Діни мәселелерде ғана емес, ойшылдардың еңбектеріндегі үндестік пен сабақтастық сан қатпарлы және де ақыл, таным, ой сана ұғымдарымен үндескендігі өзіне тәнті етеді.

Сонымен қатар бұл үш ойшылға тән қасиеттердің бірі орыс, парсы, араб тілдерін жетік біліп, ұрпаққа құнды аудармалар жасап, ағартушылықпен айналысуы еді. Шығармаларында батыс, орыс ақын-жазушыларының пікірлері мен идеяларын пайдалана отырып, сыншыл реалистік бағытта жаңаша туындылар әкелді. Яғни

ағартушылар мұрасында батыстың, оның ішінде орыс әдебиетінің сарыны мен исламдық діни мәннің сабақтастығын көруге болады. Мәселен Абай Құнанбайұлы «адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп», десе, Шәкәрім Құдайбердіұлы «адамзатты бауырластыққа бастайтын жол – мұсылмандық» деп, гуманисттік принцип пен исламдық дүниетанымды синтездеп отыр. Демек Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп көзқарасындағы адамгершіліктің басты элементі ретінде имандылық, әділдік, әдеп категорияларын яғни исламдық құндылықтарды мұрат етеді.

### **Қорытынды**

Қорытындылай келе қазақ ағартушылары ғылым мен діни құндылықтарды байланыстырып, ел мұратын қалыптастыруда руханиятты дәріптеп, жікке бөліну мен бүліктен аулақ болуды насихаттаған. Қазақтың үш алыбының бетпе-бет кездесіп, сұхбаттас болғанын мақаламызда баяндадық. Ғұламалардың ғұмыры мен мұрасын бөліп қарауға болмайды. Себебі бабалар мұрасындағы рухани тізбек пен байланысты көрсету қиынға соғады. Ағартушылардың мұрасы қазақтың XX ғасырдағы болмысын айқындап, барша қазақ оқитын шамшыраққа айналды. Діни құндылықтарды дәріптей отырып, сол кезеңдегі әлеуметтік-саяси мәселелерді қозғады. Шығармаларында қоғамдық теңдікті, әділдік пен гуманизмді дәріптеді. Мәшһүр Жүсіп әлеуметтік-адамгершілік идеяларды діни-этикалық сүзгіден өткізіп, оларды тұлғаның рухани жетілуіне ықпалын зерттеді. Себебі Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп дүниетанымында адамның рухы нәпсі қажеттіліктерінен жоғары тұруы керек деп есептеледі. Ағартушылар дәріптеген асқақ рухани пайым қазіргі күнде де өзекті. Бұл ойшылдардың діни-ағартушылық мұрасы адамзаттың дамуы мен игілігі бағытында мәнін жойған емес, һәм шығыс-мұсылман мәдениеті мен философиясында өз орнын табатындығы даусыз.

### **Авторлардың мақалаға қосқан үлесі**

**А. Дуйсенбаева** – мақаланың негізгі мәселесін, идеясын анықтап, зерттелу барысына, редакциясына жауап берді.

**Ж. Ишмаханов** – мақаланың негізгі деректік базасын қалыптастыру, жинақтау, талдауға жауапты.

**А. Шағырбай** – жарияланымның негізгі нәтижелерін, қорытындысын талқылады.

### **Әдебиеттер тізімі**

Әбдиманұлы Ө., Шортанбаев Ш., XX ғасыр басындағы әдебиет. Электронды оқу құралы. – Алматы, 2017.

Есім Ғ. Қазақ қоғамындағы діни-ағартушылық ой-сана // «Сыр еліндегі діни-ағартушылық ой-сана» Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни көзқарасы, Рал Марал ишанның 230 жылдық мерейтойына арналған ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2010.

Қалижанұлы У. Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым. – Алматы: «Білім», 1998. – 256 б.

Әділбаева Ш. Хадис – ғұрпымыз, сүннет – салтымыз. – Алматы: Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры, 2011. – 280 б.

Көпейұлы М.Ж. Алла құдіреті. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2003 – 18 б.

Абай және Мәшһүр Жүсіп: көркемдік үндестік // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2005. – №10. – С. 3-10 б.

Тұрсынова Б.Ә. Қазақ әдебиетіндегі имандылық мәселесі (Абай Құнанбаев пен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармалары негізінде // «Мәшһүр Жүсіп – әлемдік ғаламат» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Павлодар: С. Торайғыров атындағы ПМУ. – 282-284 б.

Құнанбаев А. Шығармалары. – Алматы: «Жазушы», 2002. – Т.2. – 58 б.

Көпеев М.Ж. Екі томдық шығармалар жинағы. Алматы, Ғылым: 1992.

Жүсіпбек Ғ., Сатершинов Б. Қазіргі діни ахуал және дәстүрлі ислам құндылықтарын қайта бағалау // «Діни радикализмнің алдын алу шаралары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Орал: Батыс Қазақстан облысының әкімшілігі, 2014 жыл. – 15-20 б.).

Ысқақұлы Д. Абайдың қара сөздері іспеттес жазбалары бар // Аңыз адам. – 2013. – № 19 (79). – 28 б.).

Көпейұлы М.Ж. Таңдамалы. – Алматы: Ғылым, 1990. – Т. 1. – 274 б.

Құдайбердіұлы Ш. Шығармалары. – Алматы: Жібек жолы, 2007. – Т.2. 290 б.

Алдабергенов Т. Мәшһүр Жүсіп пен Шәкәрімнің соңғы кездесуі. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2013. – 359 б.

Құдайбердіұлы Ш. Білімділерге бес сауал [http:// www.kultegin.kz/#!1\\_11\\_491](http://www.kultegin.kz/#!1_11_491)

**Duissenbayeva Albina, Ishmakhanov Zhandos, Shagyrbay Almasbek**

*Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Kazakhstan, Almaty*

*Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies by the Committee of Science  
of the Ministry of Science and Higher Education of the RK*

**Continuity of religious knowledge in the heritage of Kazakh intellectuals and  
Mashhur Zhusip Kopeiuly in the last quarter of the 19th century and the beginning  
of the 20th century**

**Abstract.** One of the topics that does not lose relevance in the revival of religious consciousness is to continue spiritual harmony without straying from traditional values. This process has been reflected in the destiny of each culture and nation in different stages of history. The article seeks answers to the problems of today's society by studying the legacy left by Kazakh intellectuals in the period of the revival of religious consciousness about religious values and traditional worldviews. In the study of religious figures, the historical significance of their formation as a person and the functions they performed were comprehensively studied. As well as the social structure of other Turkic-Muslim nations, the works of the figures and original intellectuals of the nation, who define the religious symbol of the Kazakh people, have been distinguished. The article describes the continuity of religious values in the worldview of Kazakh intellectuals with the legacy of the famous Zhusip Kopeiuli. Religious and cognitive philosophical analysis was carried out based on the religious ideas in the works of great Kazakh intellectuals Abay,

Shakarim, and Mashhur Yusip. A theological analysis of the categories of god, religion, and faith in the worldview of the enlightened ones was made. The main results and analyses of the research work are closely related to the revival of religious consciousness and the glorification of ancestral heritage. It is analyzed that the activity of Kazakh intellectuals in the society is not limited only to the provision of religious education, but the formation of national knowledge in the Kazakh steppe through education formed through this religious education. The value of research is very important in preventing religious divisions in today's society and in shaping the religious worldview of the nation's future. The practical significance of the results of the article can be the basis for the research of future specialists, religious studies, theologians, and Islamic studies.

**Keywords:** enlightenment; Islam; religion; tradition; values.

**А. Дуйсенбаева, Ж.Ишмаханов, А. Шагирбай**

*Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан.  
Институт философии, политологии и религиоведения Комитета науки Министерства науки и высшего образования РК, Алматы, Казахстан*

### **Преемственность религиозного познания в наследии казахских просветителей и Машхур Жусуп Копейұлы в последней четверти XIX и начале XX веков**

**Аннотация.** Одна из тем, которая не теряет своей актуальности в вопросе возрождения религиозного сознания - это не теряя традиционные ценности, продолжение духовной гармонии. Этот процесс в разные периоды истории сопровождался разными проявлениями в судьбах каждой культуры, каждой нации. В статье исследуется наследие казахских просветителей в период возрождения религиозного сознания, касающееся религиозных ценностей, традиционного мировоззрения. В исследовании религиозных личностей всесторонне изучалось историческое значение их становления и деятельности как личности. Были проанализированы труды деятелей, самобытной интеллигенции нации, определяющие религиозный символ казахского народа, как и общественного устройства других туркомусулманских народов. В статье говорится о преемственности религиозных ценностей в мировоззрении казахских просветителей с наследием Машхур Жусуп Копейұлы. На основании религиозных идей, аредставленных в трудах великих казахскихпросветителей,такихкакАбай,Шакарим,МашхурЖусуп,осуществленрелигиоведческий и познавательно-философский анализ. Проведен теологический, религиоведческий анализ категорий бога, религии, веры в мировоззрении просветителей. Основные результаты и анализ исследовательской работы тесно связаны с возрождением религиозного сознания и прославлением наследства предков. Анализируется деятельность казахской интеллигенции в обществе, которая не ограничивалась религиозным образованием, а формировала национальное познание в казахской степи через воспитание, формируемое этим религиозным образованием. Ценность исследования очень важна для предотвращения религиозных разногласий в современном обществе и формирования религиозного мировоззрения будущего нации. Практическая значимость результатов статьи может стать основой для исследований будущих специалистов-религиоведов, теологов, исламоведов.

**Ключевые слова:** просвещение; ислам; религия; традиции; ценности.

## References

- Abdimanuly O., Shortanbaev Sh., HH gasyr basyndagy adebiet. Jelektrondy oku kuraly. – Almaty, 2017. [in Kazakh].
- Esim G. Kazak kogamyndagy dini-agartushylyk ojsana // «Syr elindegi dini-agartushylyk oj-sana» atty Ma- 220 Mashhur Zhusip Kopejulynyn dini kozkarasy ral ishannyn 230 zhyldyk merejtojyna arналган gylymi teorijalyk konferencija materialdary. – Almaty, 2010. [in Kazakh].
- Kalizhanuly U. Kazak adebietindegi dini-agartushylyk agym. – Almaty: «Bilim», 1998. – 256 b. [in Kazakh].
- Adilbaeva Sh. Hadis – gurpymyz, sunnet – saltymyz. – Almaty: Islam madenieti men bilimin koldau kory, 2011. – 280 b. [in Kazakh].
- Kopejuly M.Zh. Alla kudireti. – Pavlodar: «JeKO» GOF, 2003 – 18 b.
- Abaj zhane Mashhur Zhusip: korkemdik undestik // Kazak tili men adebieti. – 2005. – №10. – S. 3-10 b. [in Kazakh].
- Tursynova B.A. Kazak adebietindegi imandylyk maselesi (Abaj Kunanbaev pen Mashhur Zhusip Kopejuly shygarmalary negizinde // «Mashhur Zhusip – alemdik galamat» atty halykaralyk gylymi praktikalyk konferencijanyn materialdary. – Pavlodar: S. Torajgyrov atyndagy PMU. – 282-284 b. [in Kazakh].
- Kunanbaev A. Shygarmalary. – Almaty: «Zhazushy», 2002. – T.2. – 58 b. [in Kazakh].
- Kopeev M.Zh. Eki tomdyk shygarmalar zhinagy. Almaty, Gylym: 1992zh. [in Kazakh].
- Zhusipbek G., Satershinov B. Kazirgi dini ahual zhane dasturli islam kundulyktaryn kajta bagalau // «Dini radikalizmnin aldyn alu sharalary» atty halykaralyk gylymi-praktikalyk konferencija materialdary. – Oral: Batys Kazakstan oblysynyn akimshiligi, 2014 zhyl. – 15-20 b. ). [in Kazakh].
- Yskakuly D. Abajdyn kara sozderi ispettes zhazbalary bar // Anyz adam. – 2013. – № 19 (79). – 28 b. ).
- Kopejuly M.Zh. Tandamaly. – Almaty: Gylym, 1990. – T. 1. – 274 b. [in Kazakh].
- Kudajberdiuly Sh. Shygarmalary. – Almaty: Zhibek zholy, 2007. – T.2. 290b. [in Kazakh].
- Aldabergenov T. Mashhur Zhusip pen Shakarimnin songy kezdesui. – Almaty: KR BGM GK Filosofija, sajasattanu zhane dintanu instituty, 2013. – 359 b. [in Kazakh].
- Kudajberdiuly Sh. Bilimdilerge bes saual [http:// www.kultegin.kz/#!1\\_11\\_491](http://www.kultegin.kz/#!1_11_491) [in Kazakh].

## Авторлар туралы мәлімет / Сведения об авторах / Information about authors:

**Дүйсенбаева Альбина Құрақбайқызы** – PhD., қауымд. профессор м.а., Нұр-Мұбарак ЕИМУ, әл-Фараби даңғылы 73, 050060., Алматы, Қазақстан.

**Дүйсенбаева Альбина Қурахбаевна** – PhD., и.о. асс., профессор., ЕУИК Нур-Мубарак, пр.аль-Фараби 73, 050060., Алматы, Қазақстан.

**Duissenbayeva Albina Kurahbaevna** – PhD. Acting Associate Professor, Nur-Mubarak University, al-Farabi ave.73, 050600, Almaty, Kazakhstan.

**Ишмаханов Жандос Жетесович** – магистр, аға оқытушы Нұр-Мұбарак ЕИМУ, әл-Фараби даңғылы 73, 050060, Алматы, Қазақстан

**Ишмаханов Жандос Жетесович** – магистр, старший преподаватель ЕУИК Нур-Мубарак, пр. аль-Фараби 73, 050060, Алматы, Казахстан.

**Ishmakhanov Zhandos Zhetesovich** – Magister, Senior lecturer Nur-Mubarak University, al-Farabi ave. 73, 050060, Almaty, Kazakhstan.

**Шағырбай Алмасбек Дүйсенбекұлы** – ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті Философия, саясаттану және дінтану институтының жетекші ғылыми қызметкері, PhD, Құрманғазы көшесі 29, 050010, Алматы, Қазақстан.

**Шағырбай Алмасбек Дүйсенбекұлы** – Ведущий научный сотрудник Института философии, политологии и религиоведения Комитета науки МНВО РК, PhD, ул. Курмангазы 29, 050010, Алматы, Казахстан.

**Shagyrbay Almasbek Duisenbekuly** – Senior Researcher at the Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies of the Committee of Science, Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, PhD, Kurmangazy str. 29, 050010, Almaty, Kazakhstan.